

Кімге: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне
Автор: Бюджетті атқару жөніндегі есептілік басқармасының
басшысы Келесбаева Алмагуль Арғынғызықызы
Күні: 21.10.2024 ж.

Аналитикалық жазба

Тақырып: Қазақстан Республикасының «Мемлекетке заңсыз иемденілген активтерді қайтару туралы» Заңының іске асырылуын талдау және қайтарылған активтерді басқару.

Кілт сөздер: активтерді қайтару, активтерді басқару, әлеуметтік жобалар, Арнаулы мемлекеттік қор, ҚР Заңы.

Кіріспе

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Парламент Мәжілісі депутаттары 2023 жылы 12 шілдеде қабылданған «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірледі.

2023 жылғы 12 шілдеде Қазақстан Республикасында «Мемлекетке заңсыз иемденілген активтерді қайтару туралы» Заң (бұдан әрі – Заң) қабылданды. Бұл Заңның мақсаты – шетелге заңсыз шығарылған активтерді қайтарып, оларды қоғамның игілігіне пайдалану. Аталған Заңның қабылдануы – сыбайлас жемқорлықпен күрес, әділеттілікті қалпына келтіру және бұрын жоғалған ресурстар арқылы әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету бағытындағы мемлекеттік стратегиялық бастаманың бір бөлігі. Мемлекет басшысы бұл заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қылмыстық жолмен алынған мүлікті жылыстату саласындағы барлық заманауи халықаралық танылған стандарттар мен тәжірбелерді мұқият зерделеу және қолдану негізінде, оның ішінде шетелден қайтару жөніндегі Қазақстанның тәжірибиесін талдау және осыған байланысты халықаралық ұйымдармен, шет ел соттарымен және құзіретті органдармен өзара іс-қимылмен жұмыс атқаруды тапсырды.

Заң қазақстандықтардың қазіргі және келешек ұрпағының мүддесі үшін, Қазақстан халқының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, құқық үстемдігін, әлеуметтік әділеттілікті, Қазақстан халқының игілігі үшін заңсыз иемденілген активтерді қайтаруды реттейді.

Заңды әзірлеу кезінде Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Канада, Аустралия басқа да елдердің қылмыстық іс жүргізуден тыс, азаматтық

сот ісін жүргізу шеңберінде азаматтық тәркілеу арқылы мүлікті тәркілеу тетіктерін қолданатын тәжірибесі зерттелді.

Заң ережелерін іске асыру мақсатында қайтарылған активтерді қабылдау, басқару және сақтау үшін «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС-і (бұдан әрі – Басқарушы компания) құрылды. Сонымен қатар, Арнаулы мемлекеттік қор (бұдан әрі – Қор) және Мемлекетке қайтарылған активтер бойынша комиссия құрылып, олар қайтарылған қаражатты басқару және әлеуметтік бағыттағы жобаларды іске асыруда негізгі рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылы 5 қазандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитеті құрылды. Комитеттің міндеттері активтерді іздеу және қайтару, осы саладағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастықты дамыту, экономикалық ресурстардың заңсыз шығаруға ықпал еткен себептер мен жағыдайларды анықтау және жою болып айқындалды.

2023 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің №1061 бұйрығымен «Басқарушы компанияға берілген активтерді басқару қағидалары» бекітілді. Бұл қағидаларда заңнамада көзделген негіздер бойынша берілген активтерді басқару тәртібі айқындалған.

Аталған Қағидаларға сәйкес, Басқарушы компания берілген активтерді міндетті түрде өткізу көзделген. Дегенмен, активтерді жүзеге асырғанға дейін оларды басқарудың келесі тәсілдері қолданылуы мүмкін: мүлікті жалға беру (аренда), сенімгерлік басқару, сондай-ақ басқарушы компания айқындайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ актив орналасқан елдің заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдер.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Басқарушы компаниямен бірлесіп өткізілген талқылаулар нәтижесінде Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қағидаларға өзгерістер енгізді (2024 жылғы 4 қазандағы №667 ҚМ бұйрығы). Бұл өзгерістер, оның ішінде активтерді уақытша басқаруға бәсекелі ортаға беру механизмдерін нақтылауға қатысты.

Осы аналитикалық жазбаның мақсаты – Заңның ағымдағы іске асырылуын талдап, бар мәселелер мен қауіп-қатерлерді анықтау және қайтарылған активтерді тиімді басқару мен пайдалануды жақсарту бойынша нақты ұсыныстар беру.

Негізгі бөлім

1. Құрылымдар мен нормативтік-құқықтық база

Заң шеңберінде институционалдық және нормативтік базаны құру үшін келесі шаралар қабылданды:

1.1 Басқарушы компания мен Қорды құру қайтарылған активтерді басқару үшін құрылды. Оның негізгі міндеттері: активтерді мемлекеттің атынан қабылдау, оларды сақтау, іске асыру және олардан түскен қаражатты Қорға аудару. Бұл орталықтандырылған басқару жүйесін құруға және активтерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қор барлық сатылған активтерден түскен қаражатты жинақтап, әлеуметтік және экономикалық жобаларды қаржыландыруға бағыттайды. Осылайша, мемлекетке қайтарылған қаражат халықтың әл-ауқатын жақсартуға жұмсалады.

1-кесте — 2024 жылғы 22 қазандағы жағдай бойынша Қорға түскен қаражат

Атауы	Өлшемі (млрд теңге)
Ақшалай түрде Қорға тікелей түскен қаражат	171
Басқарушы компаниядан түскен қаражат	6,5
Барлығы	177,5

3. Мәселелер мен қауіп-қатерлер

Заңды іске асыруда кейбір жетістіктерге қарамастан, келесі мәселелер мен қауіп-қатерлер өзекті болып отыр:

3.1 Әлеуметтік жобалар бойынша ұсыныстардың болмауы Осы жазбаны дайындау кезінде орталық және салалық мемлекеттік органдардан әлеуметтік жобалар бойынша ұсыныстар түспеді. Бұл Қор қаражатын тиімді пайдалану және жобаларды іске асыру процесін баяулатады.

3.2 Қор қаражатының шектеулігі Қорға түскен қаражат көлемі айтарлықтай болғанымен, оның шектеулігі жобаларды таңдау кезінде мұқият қарауды талап етеді.

«Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң шеңберінде кәзірігі уақытта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Барлық қаражат әлеуметтік пайдалы мақсаттарға одан әрі қайта бөлу үшін Арнаулы мемлекеттік қорға жіберілді.

Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ақмола облысының Зеренді ауылында құны 2,1 млрд теңге болатын спорт кешенін және Түркістан облысының Темірлан аулында 890 млн теңге сомаға музыка мектебін салу жөніндегі алғашқы екі әлеуметтік жобаны

іске асыруға Арнаулы мемлекеттік қордан қаражат бөлу туралы шешім қабылданды.

Бүгінгі таңда Арнаулы мемлекеттік қорда 177,5 млрд теңге жинақталған. Бұл қаражаттың барлығы әлеуметтік инфоқұрылымдық нысандар салуға, басқа да әлеуметтік маңызы мақсаттарға, денсаулық сақтау, білім беру, бұқаралық спорт және өзге салалардағы жобаларды іске асыруға бағытталады.

Ұсыныстар мен қорытынды

Елбасының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділ Қазақстан: Заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпы Ұлттық Жоспардың іс-шаралардың 15-тармағында активтерді қайтару бойынша активтерді қайтару бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу, оның ішінде мемлекетке қайтарылған активтер бойынша және оларды нысаналы пайдалануға есептілік мәселелерін ретке келтіруге бағытталған тапсырма көзделгенін атап өтеміз.